

Г.А.Кожаметова

Пути ввода иностранной лексики в казахский язык

Автор рассматривает пути ввода заимствованных слов и их характеристики, касается проблем их ассимиляции подчинения грамматическому строю и фонетическим нормам языка, изменения значений. В статье анализируется какое изменение повлекло появление таких слов в словарном составе языка, который их принял.

G.A.Kozhakhmetova

Ways of introduction of a foreign lexis into the Kazakh language

This article considers the ways of the borrowing the loan words and their features. It also concerns the problems how it became assimilated, submitted to its grammatical structure, phonetic norms and semantic changes.

ӘОЖ 81

Г.О.Сыздықова

*Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана***Зат есімдердің тіркесімділігі мен семантикалық валенттілігі**

Мақалада зат есімдердің тіркесімділігі мен семантикалық валенттілігі қарастырылды. Автор ғылыми ойды, ғылыми ойлауды, тілді бейнелейтін және анықтайтын синтаксистік құрылымды қазіргі тіл мәселесіндегі жетістіктерді ескере отырып, зерттеуді ұсынды.

Кілтті сөздер: контекст, валенттілік, лексика-семантикалық сипат, грамматикалық сипат, сөз тіркесі, сөз таптары, тіркесімділік, грамматикалық форма, мағыналық үйлесімділік, семантикалық валенттілік.

Сөздің контекстуалдық байланысы, түрлі сөз таптарының семантикалық және синтаксистік деңгейдегі тіркесімділігі мен валенттілігі сөз таптарын синтагматикалық тұрғыдан қарастыруда аса маңызды рөл атқарады. Валенттілік теориясындағы өзекті мәселелердің бірі — валенттіліктің сөз таптарына қатысты анықталуы. Жалпы лингвистикалық зерттеулердің басым көпшілігінде, оның ішінде неміс грамматикасында валенттілік құбылысы синтаксистік тұрғыдан етістікпен байланысты қарастырылып, нәтижесінде басқа сөз таптарының валенттілік сипаты назардан тыс қалды. Алайда сөз таптарының ішінде зат есім, сын есім, үстеулердің валенттілік құбылысымен байланысы, валенттілік теориясындағы орны, валенттілік құрылымы туралы мәселелердің зерттелуі Б.А. Адмони, О.И. Москальская, О. Бегагель, тағы басқа ғалымдардың еңбектерінен бастау алады.

Қазақ тіл білімінде сөз таптары жүйесінде лексика-семантикалық және грамматикалық сипатымен ерекшеленетіні — зат есімдер. Қазіргі тілтанымадағы күрделі мәселелердің бірі валенттілік теориясын әрбір сөз табы тұрғысынан зерттеу негізінде валенттілік құбылысының маңызды мәселелерін айқындау болса, зат есімдердің тіркесімділігі мен валенттілік қасиеттерінің өз алдына жеке зерттеу нысанына алынуы да осы мәселелердің қатарынан маңызды орын алады.

Сөз таптарының ішінде зат есімдердің етістікпен қарым-қатынасы олардың семантикалық сипатымен байланысты. Етістік қимылды білдірсе, зат есім зат, құбылыс атауларын білдіреді. Кез келген қимыл белгілі бір субъектіге бағытталады немесе субъект арқылы жүзеге асады. Бұл орайда зат есімдер етістіктің жанындағы барлық бос орындарды иеленіп, осы қасиеті арқылы белсенді валенттілікке ие болады. Етістіктермен қарым-қатынасындағы осындай сипатына қарай зат есімдер әмбебап валенттілік сипатымен ерекшеленеді. Дүниедегі заттар мен құбылыстарға зат есімдер арқылы ат беріледі. Соның негізінде бізді қоршаған ортадағы түрлі заттар мен құбылыстар, деректі-дерексіз ұғымдар зат есімдермен белгіленіп, зат есімдермен аталады. Бірақ затқа ат беру оның сипатын толық аша алмайды. Атаумен бірге оны бағалау, өзі тектес басқа заттардан ерекшелендіретін

сын-сипатын, сапасын, қасиетін көрсету қажет. Мысалы: «аспаннан су тамшылары түрінде жерге түсетін атмосфералық ылғал, жауын-шашын» [1; 267] деген мағынаны білдіретін *жаңбыр* зат есімі бірде қатты, бірде баяу жауу сипатына қарай өзара ерекшеленеді. Атмосфералық ылғалдың бұл түрінің әр түрлі белгілері арқылы оның анықтаушы сөздермен төмендегідей тіркесімділіктері қалыптасады: *қалың жаңбыр, ақ жаңбыр, күзгі жаңбыр, түнгі жаңбыр, соқыр жаңбыр, жылы жаңбыр* т.б. Бұл мысалдардан зат есімге тәуелді, оған бағынышты сөздердің (сын есімдер) заттың айрықша белгілерін толықтыруға ықпал ететіндігі байқалады. Анықтаушы — анықталушы құрылымдағы зат есімнің сын есімдердің белгілі бір түрлерімен тіркесімділігі олардың арасындағы мағыналық үйлесімділік негізінде жүзеге асады.

Сөз тіркесі немесе сөйлем құрамындағы сөздердің арасында екі жақты байланыс болады. Біріншіден, олар белгілі бір грамматикалық формалар арқылы тіркессе, екіншіден, тіркесімділікке түскен сөздер семантикалық жағынан да байланысады. М. Оразов «егер бұл екі байланыстың біреуі жоқ болса, не сөйлемдегі айтылатын ой толық жеткізілмейді, не мүлде түсініксіз бір нәрсе болып шығады» [2; 194] деп, сөздердің грамматикалық және семантикалық байланыстарын тең дәрежеде қарастырады. Зат есімдердің басқа сөз таптарымен тіркесімділігіндегі семантикалық валенттілігін анықтауда олардың валенттілік құрылымындағы сөздердің мағынасы мен формасына ерекше назар аударылады. Бұл жағдайда тілдік норманың да маңызын ескеру қажет. Мысалы, *үркек ат, тебеген жылқы, сүзеген сиыр, қабаған ит* т.б. Үрку тек атқа, биеге ғана тән қасиет емес, сиырға да, қойға да, түйеге де тән қасиет. Бірақ *үркек сиыр, үркек қой* деп айтпаймыз [2; 195].

Сол сияқты ғаламзат есімдерінің ішінде өсімдік атауларын білдіретін *жусан, алма, сарымсақ, пияз* сөздері сын есімдер тобындағы кез келген сөзбен тіркесімге түспейді. Мысалы: *ащы* сын есімі *жусан, сарымсақ, пияз* зат есімдерімен тіркескенімен, *алма* зат есімімен лексикалық тіркесімділікке түсе алмайды. Керісінше, алманың ащы дәмін сипаттау үшін *алма* зат есімі *қышқыл* сын есімімен мағыналық жағынан байланысып, валенттілік қатынаста бола алады. Сондай-ақ *ащы* сөзінің антонимі *тәтті* сын есімі бұл топтағы *алма* зат есімімен ғана тіркесе алады. Бұдан жалпы сөздердің семантикалық байланысының лексикалық тіркесімділіктегі маңыздылығы көрінеді. «Сөз тіркестерінің компоненттері өзара байланысу үшін олардың ортақ семалары болу керек не біріне-бірі қарсы келетін семалары болмау керек» [2; 196] деген тұжырымға сүйенсек, *жусан, сарымсақ, пияз* сөздерінің *ащы* сын есімімен семантикалық байланысы олардың арасындағы ортақ сема арқылы жүзеге асырылады. *Жусан* — ащы дәмді шөп; *сарымсақ* — ащы дәмді бақша дақыл; *пияз* — тағамды дәмдендіретін аса пайдалы бақша дақыл [1; 313,676,713]. *Ащы* — 1. тұзы күшті, тұзы көп; 2. дәмі ауызды қуыратын, жағымсыз; 3. құлаққа жағымсыз, жанға жайсыз; 4. жусан, ермен тәрізді ащы шөп [1; 77]. *Ащы* сын есімін *жусан* зат есімімен байланыстырып тұрған оның төртінші семасы болса, *сарымсақ, пияз* зат есімдерімен байланыстырып тұрған екінші семасы.

Зат есімдердің синтаксистік, семантикалық және коммуникативтік деңгейлердегі валенттілік әлеуетіне қарай А.В. Пыриков үш түрін бөліп көрсетеді: 1) синтаксистік-облигаторлық (міндетті); 2) семантикалық-облигаторлық; 3) коммуникативтік, немесе ситуативтік-облигаторлық [3; 94,95]. Бұл топтардың барлығы зат есімдердің сөйлем құрамындағы актанттарының қызметіне қатысты анықталады. Синтаксистік-облигаторлық зат есімдер әр сөйлемді оның грамматикалығы/грамматикалығы тұрғысынан, семантикалық-облигаторлық зат есімдер контекстегі сыңарлардың семантикалық белгілерінің тіркесімділігі тұрғысынан, ал коммуникативтік-облигаторлық зат есімдер сөйлеушінің коммуникативтік ыңғайына қарай сипаттайды. Сөз таптарының валенттілік әлеуетін синтаксистік, семантикалық және прагматикалық тұрғыдан зерттеу тіл біліміндегі валенттілік теориясының өзекті мәселелерінің бірі болып табылады.

Валенттілік теориясында зат есімдердің лексика-грамматикалық топтарының факультативтік және синтаксистік міндетті актанттары сөйлемде анықтаушы қызметін атқарады. Зат есім актанттарының синтаксистік міндеттілігі немесе облигаторлығы олардың анықтаушы қызметіндегі валенттілік-байланыстырушылық қызметімен анықталады. Соның негізінде зат есімдерді валенттілік құрылымына қарай бірвалентті, эквалентті, үшвалентті деп бөліп қарастыратын пікірлер де бар [3; 96]. Осы пікірді негізге ала отырып, қазақ тіліндегі зат есімдердің де валенттілік құрылымын актанттарының санына қарай анықтауға болады. Мысалы: *ғылыми жаңалық, саяси жаңалық, мәдени жаңалық, жақсы жаңалық* тіркесімділігіндегі қоғам не адам өміріндегі өзгеріске қатысты ұғымды білдіретін *жаңалық* зат есімі сын есімдердің ішіндегі шектеулі сөздермен ғана мағыналық жағынан үйлесімділік тауып, соның негізінде тіркесімділік байланысқа түседі.

Сын есім — зат есім үлгісіндегі тіркесімділікте сын есімдер зат есімнің актантты қызметінде оның валенттілік құрылымын толықтырып тұрады. Заттың сындық белгісі сын есімдер арқылы анықталғанмен, кез келген сын есім зат есіммен байланыспайды. Тек өзі тіркесетін зат есімнің мағынасымен, оның бір семасымен ортақтығы, ұштастығы бар сын есімдер ғана зат есімдермен тіркесімділікке түсіп, соның негізінде зат есімнің валенттілік құрылымында актант қызметінде қолданылады. Мысалы: *ақ көгершін, көк көгершін* тіркесімділігінде *көгершін* зат есімі түсті білдіретін сын есімдер қатарындағы *ақ, көк* сөздерімен ғана семантикалық байланысы негізінде тіркеседі. Ал заттың түсін білдіретін басқа сын есімдердің зат есімнің құс атауларын білдіретін тақырыптық тобындағы *көгершін* сөзімен мағыналық байланысының болмауы олардың арасындағы синтагматикалық қатынасқа да әсер етеді.

Есімше тұлғалы етістіктер де анықтауыш қызметінде зат есімдердің актанттары ретінде қолданылады. Мысалы: *оқыған адам, барар жер, айтылған сөз* т.б. Бірақ сын есімдер мен есімшелердің актант қызметіндегі қолданысының зат есімдердің валенттілік әлеуетіне ықпалы бірдей деңгейде болмайды. Зат есімдердің сын есімдермен тіркесімділігінде, яғни зат есімнің актанты сын есімнен болған жағдайда, зат есімдер белсенді валенттілік сипатқа ие болады. Ал актанттары есімше тұлғалы етістіктерден болған зат есімдердің валенттілік әлеуеті бәсең болады.

Валенттілік теориясындағы өзекті мәселелердің бірі валенттілік түрлерінің аражігін анықтаумен байланысты. Тілдің ғылыми сипатында «валенттілік» ұғымы негізгі екі бағытта түсіндіріледі: 1) мағынаның басқа мағыналармен қарым-қатынасы; 2) тілдің бір деңгейдегі бірліктерінің тіркесімділік қабілеті [3; 29]. Бірінші бағытты С.Д. Кацнельсон, В. Бондцио, К.Э. Зоммерфельдт, С.М. Кибардина, тағы басқалар, екінші бағытты М.Д. Степанова, В.Г. Адмони, Г. Хельбиг, В. Шенкель, тағы басқа зерттеушілер қолдайды. «Валенттілік» ұғымына қатысты бағыттардың даму барысында аталған құбылысты сипаттайтын семантикалық және синтаксистік бағыттар өз алдына жеке бөлініп шықты. Екі бағытта да тіл бірліктерінің сөйлеу бірлігі ретіндегі комбинаторлық мүмкіндіктері негізге алынады. С.М. Кибардинаның пікірінше, валенттілік теориясында сөздің тіл бірлігі ретіндегі қасиеті әлеуетті валенттілікте, ал сөйлеу бірлігі ретіндегі қасиеті іске асырылған (реализацияланған) валенттілікте беріледі [4]. Бұл тұжырымның негізінде сөздің әрі тіл бірлігі, әрі сөйлеу бірлігі ретіндегі сипатын оның валенттілік қатынастағы қолданысымен байланысты айқындауға болады.

Семантикалық және синтаксистік валенттіліктер тілдің синтаксистік және семантикалық деңгейлерінде бір-бірінен ажыратылады. Валенттілік теориясындағы семантикалық бағыттың өкілдерінің бірі В. Бондцио валенттілікті семемалардың қасиеті ретінде қарастырып, оның тек семантикалық талдау жолымен ғана анықталатындығын атап көрсетеді [3; 30]. Сондықтан зат есімдер валенттілік құрылымдағы актант сөздермен ортақ семалары болған жағдайда ғана семантикалық валенттілік сипатқа ие болады.

М. Оразов қазақ тіліндегі зат есімдердің арасындағы синтагматикалық байланысты олардың байланысу формасы мен синтаксистік қызметтеріне де байланысты түсіндіреді [2; 197]. Сөйлем құрамында сөз тіркесінің бір сыңары қызметіндегі зат есімдердің басқа сөздермен синтагматикалық байланысы арқылы олардың валенттілік қасиеті анықталады. Жалпы сөз тіркесінің тіл білімінде синтаксистік бірлік ретінде қарастырылатындығы белгілі. Валенттілік теориясының қалыптасуы, валенттілік мәселесінің тіл деңгейлері тұрғысынан зерттелуі тіл білімі салаларындағы бірліктердің де жаңа қырынан қарастырылуына ықпал етті. Соның бірі — сөз тіркестері. Синтаксистік бірлік ретінде, сөз тіркестері кем дегенде екі сөздің синтаксистік байланысы арқылы қалыптасады. Сөз таптары — сөз тіркесінің ең негізгі бірлігі. Сөз тіркесінің есімді, етістікті болып бөлінуі басыңқы сыңардағы сөз таптарына байланысты. Бірақ сөз таптары сөз тіркесінің бағыныңқы немесе басыңқы сыңары ретінде ғана қолданылмайды. Сонымен қатар сөз тіркесі сыңарларын байланыстырушы құрал ретінде жұмсалады. Сөз тіркесі құрамындағы сөздердің синтаксистік байланысы олардың сыртқы формасына қатысты анықталса, семантикалық байланысы сөз тіркесі құрамындағы сөз таптарының арасындағы мағыналық ортақтыққа негізделеді. Сөз таптарының валенттілік байланысын анықтауда олардың сөз тіркесі құрамындағы осы қызметі, яғни байланыс құралы ретіндегі қызметі негізге алынады.

Сөз таптарының ішінде сын есім, есімшелермен қатар сан есім, есімдік, үстеу сөздер зат есімнің валенттілік құрылымында валенттілік байланыстың сол жақ сыңары қызметінде жиі қолданылады. Зат есімдердің сол жақ валенттілігінде бұл сөз таптары препозициядағы бағыныңқы сөздің орнында тұрады. Ал зат есімдер валенттілікке тірек сөз қызметінде жұмсалады. Ғалым Ч.К.Найманова ағылшын, қырғыз және орыс тіліндегі зат есімдердің басқа сөз таптарымен сол жақ валенттілігінің

мынадай үлгілерін көрсетеді: 1) Agj+N (сын есім+зат есім); 2) Prn+N (есімдік+зат есім); 3) Num + N (сан есім+зат есім) [5; 101-106].

Қазақ тіліндегі зат есімдердің де валенттілік құрылымын осы үлгі негізінде мынадай түрлерге бөлуге болады: *сын есім — зат есім, сан есім — зат есім, есімдік — зат есім, үстеу — зат есім, есімше — зат есім*.

Сын есімдер деректі, дерексіз, адамзат, ғаламзат, жалпы, жалқы зат есімдермен семантикалық үйлесімділік негізінде тіркесімділікке түседі. Мысалы: *белгілі ғалым, танымал әнші, өнерлі бала; дөңгелек үстел, аяғы жусан, өткір пышақ* т.б. Зат есімдердің бір мағыналық тобындағы сөздер сол топтағы басқа зат есімдердің валенттілік байланыстағы сын есімдерімен тіркесімділікке түсе алмайды. Мысалы: *өткір пышақ, өткір қылыш*, бірақ *өткір шоқпар, өткір сойыл* емес. Мұндай ерекшеліктер зат есімнің басқа да мағыналық топтарына тән болып келеді.

Сан есімдердің мағыналық топтарының ішінде есептік, реттік, болжалдық сан есімдер зат есімдермен препозициялық тұрғыдан сол жақ валенттілікте байланысады. Мысалы: *бес орын, екінші кітап, жүздеген адам* т.б.

Зат есімдердің есімдіктермен валенттілік қатынасында бірқатар есімдіктер зат есімдермен семантикалық байланыста болады. Ч.К.Найманова қырғыз тіліндегі синтаксистік байланыс есімдіктің түріне тәуелді болатындығына назар аударады [5; 105]. Бұл қазақ тіліндегі зат есімдердің валенттілік құрылымының препозициясындағы есімдіктерге де тән. Мысалы, жіктеу есімдіктері зат есімдермен матасу арқылы, сілтеу, жалпылау, болымсыздық, белгісіздік, сұрау есімдіктері қабыса байланысады, мысалы: *бұл жағдай, ешбір адам, біздің ауыл, барлық оқушы* т.б.

Үстеу кимылдың, іс-әрекеттің жай-күйін, амалын, жалпы өту сипатын білдіруіне байланысты негізінен етістіктермен байланысты болады. Соған қарамастан, үстеудің мағыналық топтарының арасында кейбір мөлшер (*сонша, мұнша, бірталай, бірқатар, бірен-саран* т.с.с.), сын-бейне (*қолма-қол, ауызба-ауыз* т.с.с.) үстеулері зат есімдермен препозицияда валенттілік байланысқа түседі, мысалы: *мұнша уақыт, бірталай жер, бірен-саран адам, қолма-қол айырбас* т.б.

Тіл біліміндегі валенттілік теориясында семантикалық валенттілік сөз мағынасының құрамында синтаксистік валенттілікпен өзара тығыз байланыста болып, оның «ішкі мазмұны ретінде өмір сүреді» [2; 199]. Бірақ семантикалық валенттілік мағынаның бір бөлігі ретінде объективтік сипатқа ие болады. Сондықтан сөз таптарының лексикалық синтагматикадағы семантикалық валенттілігі синтаксистік валенттілікпен байланысты анықталады. Сөз таптарының сөз тіркесі деңгейінде бір-бірімен мағыналық жағынан байланысуына олардың арасындағы синтагматикалық байланыс ерекше ықпал етеді. Зат есімдердің басқа сөз таптарымен лексикалық тіркесімділігіндегі семантикалық валенттілігі тіркесімділіктегі сөздермен ортақ семаларының болуы, яғни, мағыналық сәйкестігі және сөз мағынасының объектив дүниемен байланысы негізінде анықталады. Синтагматикалық байланыстағы зат есімдердің синтагматикалық мүмкіндіктері оның валенттілігімен анықталса, осы мүмкіндіктер олардың басқа сөз таптарымен тіркесімділігі негізінде жүзеге асырылады.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. — Алматы: Дайк-пресс, 2008.
- 2 Оразов М. Қазақ тілінің семантикасы. — Алматы: Рауан, 1991.
- 3 Пыриков А.В. Скрытые валентностные свойства основных морфологических классов слов. — Барнаул, 2006.
- 4 Кибардина С.М. Основы теории валентности. — Вологда, 1979. — С. 13.
- 5 Найманова Ч.К. К вопросу о левой валентности существительного в субстантивных словосочетаниях (на материале английского, кыргызского и русского языков) // Вестник ПГУ. — 2005. — № 3.

Г.О.Сыздықова

Сочетательные и валентные отношения имен существительных

В статье рассматриваются сочетательные и валентные отношения имен существительных. С учетом новых достижений современного языкознания автор предлагает исследовать синтаксистические конструкции, описывающие и раскрывающие научную мысль, научное мышление и собственно язык.

G.O.Syzdykova

Combinative and valence relations of nouns

In clause combinative and valent attitudes of nouns are considered. Author taking into account new achievements of modern language study proposes to investigate syntactic structures describing and revealing scientific idea, scientific thinking and actually language.

ӘОЖ 82.0

Р.Оймаутов

*ҚР ИМ Б.Бейсенов атындағы Қарағанды заң институты***Дін аясындағы шешендік сөздер**

Мақалада діни шешендіктің табиғатына қатысты мәселелер қарастырылған. Автор шешендік өнердің негізгі теориялық ережелерін зерделей отырып, оның қазақ халқының сөз өнері тарихындағы орнын, қазақ сөз шешендігінің қалыптасуы мен дамуына әсерін анықтай келе, бүгінгі таңдағы шешендіктің жекелеген аспектілері жайында сөз қозғады.

Кілтті сөздер: шешендік өнер, діни шешендік, риторика ғылымы, сөзшешендік, нақыл сөздер, өмір тәжірибесі, мақал-мәтелдер, шарият заңы, дін мәселелері, сүре.

Қазақтың шешендік өнерінің бір арнасы діни шешендіктен желі тартады. Ал діни шешендіктің түп бастауы сонау Араб құрлығына барып тіреледі. Өйткені ежелгі Араб елі шешендігінің негізгі арқауын діни шешендік құрайды. Халықтың әл-ауқаты, тұрмыс-тіршілігінің біте қайнасқан айнасы іспетті, наным-сенім негізінде пайда болған арабтың діни шешендігінің өзегінде ақ жүрек адалдық пен бәрін де қанағат тұтар қарапайымдылық сияқты халықтық абзал қасиеттерге толы келетін ықпалы күшті, әсері мол көркем тілмен әспеттелетін діни уағыздамалар жатыр. Діни шешендікті риторика ғылымында діни шіркеулік шешендік тұрғысынан «гомилетика» деп атайды.

Гомилетика — діни шіркеулік шешендіктің туып, қалыптасып, даму тарихын, жүйелік құрылысы мен мазмұндық сипатын, көркемдік әдіс-тәсілдерін зерттейтін шешендік өнердің өрнекті тармағы.

Ислам дінін дүниеге әкелген арабтар көшпелі қазақтар сияқты әуел баста-ақ шешендік өнерді өте қастерлеген. Өйткені исламға дейінгі көшпелі өмір салтын ұстанған араб-«бәдәуилердің бірнеше тайпалары жанжалдасып соғысып қалғанда немесе жер дауы, жесір дауы мәселесін шешкенде, бітімге келіп, берешек, алашақтарын бөліскенде екі жақ та өз шешендеріне жүгінген. Бұл жағынан бәдәуилер қазақ табиғатына тым жақын» [1].

Зерттеуші-арабтанушы, қазіргі бас мүфтиіміз Ә.Дербісәлі ежелгі араб әдебиетінің тарихын жазған атақты әдебиетші-ғалым Ханна әл-Фахуриден мынадай дерек келтіреді: «Шешендер өз шеберлігін жәрмеңке, той, ас кездерінде көрсеткен. Шешендер сөздерін баптап, белгілі бір сазбен айтады. Жұрт жиналған соң биіктеу жерге шыққан шешен найзасын немесе асатаяғын қолына алып, сөйлеуге кіріседі. Сөзін түрлі қимылмен сүйемелдеп отырады. Шешеннің даусы қомақты, қимылдары мығым, дәлелді болуы тиіс. Даусы дірілдеп, қобалжып сөйлейтін шешендерді бәдәуилер бағаламаған. Шешендер өз сөздерінде халық арасына кең тараған мақал-мәтелдерді, қанатты сөздерді, ақ өлеңдерді жиі қолданған. Өйткені оның сөзі тыңдаушыны ұйытып, терең сезімге, үлкен әсерге бөленуі тиіс» [2].

Әзірет Әлі — Әли ибн Әбу Талиб жас кезінен-ақ сөзшеңдігімен ғана емес, көзсіз ерлігімен де аты шыққан. Жастық шағын Мұхаммедтің қасында өткізген ол пайғамбармен бірге талай жорықтарға қатысқан. Майдан даласындағы жаужүректігі үшін «Сайфу-л-Ислам» («Исламның қылышы») деген атақ та алған.

Ә.Дербісәлі мынадай мағлұмат береді: «Әлидің нақыл сөздері әдетте қысқа, мағынасы терең болып келеді. Ол жинақталған өмір тәжірибесі мен ұзақ ой жемісі секілді. Түрі жағынан әсем,